

2) халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың жұмысқа орналасуына көмек көрсетуді қамтамасыз етсін;

3) халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың жұмысқа орналасуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Жұмыс берушілер:

1) халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың жұмысқа орналасуына көмек көрсетсін;

2) ұйымның таратылуына, адам санының немесе штаттың қысқартылуына байланысты алдағы уақытта қызметкерлердің жұмыстан босайтыны, босатылатын қызметкерлердің қызметтері мен кәсіптері, мамандықтары, біліктілігі және еңбекақы мөлшері көрсетіле отырып, босатылуы мүмкін қызметкерлердің саны мен санаттары және олар босатылатын мерзімдер туралы жұмыстан босату басталардан кемінде бір ай бұрын Департаментке толық көлемде ақпарат берсін;

3) Департаментке бос жұмыс орындары (бос қызметтер) пайда болған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде олар туралы мәлімет жіберсін;

4) Департамент берген жолдамаға тиісті белгі қою арқылы жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту себебін көрсете отырып, ол туралы дер кезінде (департамент оған азаматтарды жіберген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде) хабарлассын.

4. Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 20 ақпандағы N 3-546қ "2004 жылы халықтың нысаналы топтарын анықтау және олардың қорғалуына көмек көрсету шаралары туралы" қаулысының (Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 4 наурызда N 313 болып тіркелген, 2004 жылғы 3 сәуірдегі N 43-44 " Астана хабары" және 2004 жылғы 30 наурыздағы N 35 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары С.С. Мұстафинаға жүктелсін.

Әкім

Әкімнің бірінші орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары